

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

расширить технологические связи между предприятиями и секторами экономики, участвующими как в производстве, так в реализации туристского продукта и услуг, т.е. создании условий реализации туристско-рекреационного потенциала регионов.

Разработка туристского продукта и формирование туров, предоставление основных и дополнительных услуг составляют технологию туристского обслуживания, т.е. производство конкретного туристского продукта, предназначенного для удовлетворения потребности в туристской услуге. Туроператорам необходимо формировать туристские продукты таким образом, чтобы привлечь в республику как можно больше иностранных туристов. Нужно вплотную заняться развитием экскурсионного дела, созданием новых экскурсий по городам и живописным районам Казахстана. Все это в дальнейшем поможет стране занять достойное место на мировом рынке туристских услуг и популяризировать Казахстан как новое туристское направление.

Литература:

1. Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года от 19.05.2014 г. №508, Астана, 2014.
2. Садуов А.Ж. Кластерное развитие туризма в Казахстане // Вестник КазЭУ им. Т.Рыскулова. - 2010. - №1 (73). - С.136-142.
3. Флек А.А. Экскурсоведение: учеб. пособ. - Караганда: КЭУК, 2013. - 136 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ, ТУРИСТІК ИНДУСТРИЯ СИПАТЫ МЕН ИМИДЖІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ондасинова А.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистр
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: araigul@mail.ru

Акимов Ж.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: akimov_zhm@enu.kz

Туризм қазіргі заманда көптеген дамыған және дамушы мемлекеттер экономикасының негізі болып табылатыны белгілі. Бұл әлемдік экономиканың алдыңғы қатарлы және едәуір тез дамып келе жатқан саласының бірі. Қазіргі таңда туризм мемлекеттің экономикалық дамуымен, жеке адамдардың қажеттілігін өтеудегі мәні, сонымен қатар мемлекеттің әлеуметтік қатынастарды дамытудағы мәнін бағалау мүмкін емес. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында туризмді дамыту қажеттілігін ерекше атап кеткен болатын. Осыған байланысты бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру және болашақта Қазақстанды Орталық Азия өңірінің туризм орталығына айналдыру міндеті алға қойылды. Туризмді дамытуды Үкімет экономиканың өсуін қамтамасыз етудің перспективалы бағыттарының бірі деп санайды. Себебі, мемлекеттің экономикалық әлеуетін күшейтетін басты кіріс көздерінің бірі – осы туризм саласы [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің халқына Жолдауында мемлекетіміздің қарқынды экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін шикізат бағытынан индустриалды – инновациялық дамуға көшу қажет екені айтылған болатын. Ұлттық экономиканы дамудың кластерлік моделі таңдалып, өзге де қанатқақты кластерлермен бірге «Туризм» кластерін жүзеге асыру басталды. Ежелден Шығыс пен Батыстың өзінше бір цивилизациялық көпірі болатын. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның туризм жөніндегі мамандандырылған

халықаралық ұйымдарының саясатына сәйкес туризм мемлекеттің әлеуметтік, мәдени және экономикалық өміріне тікелей ықпал ететін қызмет ретінде түсіндіріледі. Туризмдегі халықаралық ынтымақтастық ЮНЕСКО және ДТҰ-ның Ұлы Жібек жолынан байланысты жобаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысуы, шет мемлекеттермен екі жақты және көпжақты келісімдер жасауы арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан – БҰҰ жүзеге асыра бастаған Жібек жолын дамыту жөніндегі бағдарламаға қатысушы мемлекеттердің бірі. Аталған бағдарлама туризм саласын дамытумен қатар Жібек жолы бойында көршілес жатқан елдердің қарым – қатынасын нығайтуға негізделген. Болашақта Қазақстан әлемге туристік орталық ретінде танылуы мүмкін. Қазақстан әлемге туристік орталық ретінде танылуы мүмкін. Қазақстан халықаралық туристік аренада туристік ел ретінде қалыптасуы маңызды. Елімізге деген қызығушылық күннен күнге арта түсуде. Осыған сай Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру басты назарда болып отыр. Әлемдік туристік нарықтағы Қазақстанның тартымды туристік имиджін қалыптастыру мақсатында Қазақстанның туристік әлеуетін ілгерілетудің мақсатында бағдарламасы жасалды. Онда халықаралық туристік форумдарға қатысу, көрме, жәрмеңке өткізу, әлемнің жетекші телеарналарында жарнамалық бейнероликтерді орналастыру және беру, сонымен қатар шетелдік БАҚ өкілдеріне инфотурлар өткізу және жарнамалық-ақпараттық өнім шығаруды қарастырылған. Қазақстан тек қана табиғатымен ерекшеленбейді, сонымен қатар мұнда туризм саласының бірнеше бағыттары дамып келе жатыр: яғни, мәдени – танымдық, экологиялық, экстремальды, іскерлік туризм жатады. Қазақстандағы туристік имидждің қалыптасуы туристік потенциалға үлкен әсер етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанның туристік саланың бәсекеге қабілетті болып қалыптасуда қоғамдағы үлкен мәселе туристік сала экономикалық қызметтің түрі ретінде инвестициялық қызметті аса зор маңызды орын алады. Туристік имиджінің қалыптасуы кластерлік талаптармен жүзеге асырылатындықтан туризм саласындағы жұмысшыларының біліктілігі маңызды [2].

Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру үшін елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халықаралық одақта ғаламдық бастамаларды пайдаланады. Бұларға: әлемдегі ірі қоғамдық – саяси іс – шараларға қатысу, Азиядағы өзара әрекеттестік пен сенімді шаралар, шетелдік инвесторлардың бас қосуы, Біртұтас экономикалық, дүниежүзілік діннің құрылтайына қатысуы жатады. Ел Астанасының құрылысы Қазақстанның туристік имиджінің дүниежүзілік аренада сәтті шыққанын көрсетеді. Осының өзі туристік имиджі негізінде Қазақстан өзінің брендин жасап жатыр деуге болады. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда туризм аты болғанымен, іске келгенде әлі толысып пісе алмай жатты. 1999 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының қолдауымен Қазақстан Туристік Ассоциациясы ашылған болатын. ҚТА коммерциялық емес, үкіметтік емес, республикалық салалық ассоциация болып табылады. ҚТА – кездесулерді, сан қилы шараларды, ғылыми жұмыстарды, оқу бағдарламаларын, семинарларды, презентацияларды, маркетингтік зерттеулерді және тағы басқа көптеген шараларды өткізуге ыңғайлы орын. Қазақстан Туристік Ассоциациясының негізгі мақсаттарының бірі халықаралық туристік көрмелерге қатысуды ұйымдастыру, сонымен қатар сол жерде көрсетілетін ақпараттық стендтерді жасау, оны жасауға жергілікті ұйымдар мен үкіметті қатыстыру [3].

Әлемнің көптеген елдері үшін туризм экономикасының ең табысты салаларының бірі болып табылады, бірақ Қазақстанның зор табиғи әлеуетінің болуына қарамастан бұл тенденция біздің еліміз үшін әлі шынайы емес. Дамыған инфрақұрылым, қазіргі заманғы қонақүй кешендері, халықаралық стандартты әуежайлар болмай, біз үлкен туристік ағымдарды, сәйкесінше табыстарды да күте алмаймыз. Қазіргі күні Қазақстан шетел азаматтары үшін демалыс орны ретінде көрінбейді. Бұл бірнеше объективті себептерге байланысты. Қазақстандық туризм дамуының 5 негізгі мәселесін атап көрсетуге болады:

Білікті мамандардың болмауы мен зерттеулердің аз мөлшері

Туризм саласында зерттеулермен шұғылданатын арнайы институттар жоқ (қазіргі уақытта тек мемлекеттік мекемелер зерттеулер жүргізуде). Қазақстандық компаниялар нарықты зерделеуді өз күштерімен жүргізеді. Сондай-ақ, туристік объектілерді, мысалы,

ойын-сауық паркінің құрылысын әзірлейтін компаниялар жоқ. Қазақстан ұсына алатын туристік қызметтерге халықаралық сұраныс, сондай-ақ Қазақстанға келуші туристердің қалаулары жеткіліксіз зерделенді. Туризм саласының барлық білім беру институттары аталмыш саланы зерттеулер мен әзірлемелер жүргізуге қабілеті бар мамандармен қамтамасыз етпейді. Білім беру жүйесі құрылатын кластерлер үшін қажетті мамандарды даярлауда қолдау көрсетуді ынталандыру қажет.

Туристік кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз ету үшін мыналарды орындау қажет:

Халықаралық тәжірибеге сәйкес Дүниежүзілік туристік ұйым ұсынған туризм бойынша мамандықтарды «Қазақстан Республикасының бакалавриат және магистратура мамандықтарының жіктелуіне» енгізу. ДТҰ ұсынатын туризм мамандықтары келесідей: туризм менеджері, халықаралық туризм менеджері, маркетинг пен жарнама бойынша менеджер, ақпараттық технологиялар бойынша менеджер, туристік агенттіктерде сатулар бойынша менеджер, туризмнің белсенді түрлері, жолсеріктер мен экскурсия жүргізушілерін даярлау;

туристік сала мамандары үшін мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарына туристік білім беру сапасының «WTO – Ted Qual» сертификатын енгізу;

республикада ғылыми-практикалық конференциялар өткізуді және кадр дайындау мен туристік индустрияны дамытудың негізгі мәселелері жөніндегі халықаралық туристік индустрияны дамытудың негізгі мәселелері жөніндегі халықаралық туристік іс-шараларға Қазақстанның қатысуын ұйымдастыру;

туристік кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және орта оқу орындары үшін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдары, оқулықтар мен көрнекі материалдарды әзірлеуге қатысу;

гидтер, экскурсияшылар, туризм нұсқаушыларын қоса алғанда, туристік индустрия мамандарын, оның ішінде айрықша қорғалатын аумақтар мен мемлекеттік ұлттық парктер үшін, оқытып-үйрету семинарлары мен біліктілігін арттыру курстарын тұрақты негізде жүргізу;

Еуропа білім беру қоры мен халықаралық ынтымақтастық шеңберінде дайындалған «Туризм саласындағы ұлттық біліктілік құрылымы» (ҰБК) пилоттық жобасын іске асыруды және Алматы қаласында ҰБК әзірлеу жөніндегі Үйлестіру орталығын және ортаазиялық өңір елдері үшін басқа да бірлескен халықаралық жобалар құруды жүзеге асыру.

Бұдан басқа, халықаралық сарапшылардың қорытындысы бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі маңызды шаралардың бірі оның ғылыми-әдістемелік базасы жоқтың қасы, ал осы уақытта Германия, Ұлыбритания секілді әлемнің дамыған елдерінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын ұлттық туризмнің даму болашағын зерттеу және болжамдау жөніндегі орталықтар бар [4].

Инфрақұрылым мен демалыс индустриясының осал дамуы

Негізгі мәселе дамыған инфрақұрылымның, атап айтқанда, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қызмет көрсету саласының жетіспеушілігі болып табылады. Туристік ынтаның көптеген нысандары жеткілікті дәрежеде дамымаған. Өзекті мәселелердің бірі – негізінен нашар халдегі жолдарға байланысты нысандарға жету қиындығы болып табылады. Көптеген, әсіресе, аймақтардағы қонақүйлер, кемпингтер, мейрамханалар Кеңес Одағының кезінде салынған. Қазіргі уақытта олардың ахуалы сын көтермейді және жөндеуді талап етеді.

Мамандардың ойынша, туризмнің дамуына неғұрлым әсер ететін қонақүй бизнесі, көлік, туристік агенттіктер, сонымен қатар броньдау мен резервтеудің компьютерлік жүйелері үлкен маңызға ие. Сондықтан осы нысандарға ерекше көңіл бөліп, олардың қызмет көрсету аясын кеңейтуді жүзеге асыру керек. Туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуын, сондай-ақ қаржылық қаражаттың шектеулілігін ескере отырып, өңірлерде үш, екі жұлдызды санаттағы қонақ үйлер желісі мен туркластар құрылысына бағытталған өңірлік деңгейдегі «Еурокемпинг» жобасын іске асыру шеңберінде мейманханалар, қонақ үйлер мен

мотелдер, сондай-ақ кемпингтер желісін салудың бірінші кезектегі құрылысының басымдықтарын айқындау қажет.

Әкімшілік кедергілердің болуы

Әкімшілік кедергілердің болуы да өзекті мәселе болып табылады. Бөліп айтар болсақ, құқықтық-нормативтік базаны жетілдіру және визалық, әкімшілік процедураларды оңайлатумен байланысты мәселелерді шешу маңызды. Бұл мәселе өз кезегінде мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға барлық мүдделі тараптардың қатысуын, мемлекеттік және жеке секторлардың серіктесе қызмет етуін талап етеді. Сондықтан туристік индустрия нысандарын дамытуда барлық мүдделі министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар қызметінің жұмылдырылуы бұл күнде аса маңызды болып отыр. Туризм саласында бұл мәселені шешу үшін түрлі елдер азаматтары визалары тек өкілеттіліктерде ғана емес, сонымен бірге аэропорттарда да алу мүмкіндігі жөнінде ұсыныстар қарастырылуда. Азаматтары жеңілденетін визалық және тіркеу режимдері құқығына ие елдер тізімін үлкейту қажет. Сонымен бірге, туристік кластер шеңберінде қызмет ететін қатысушыларға салық төлеуге жеңілдіктер, тіркелу процедураларының күрделі еместігі де шешу жолдарының бірі бола алар еді. Мұндай жалпы мәселелерді жекелеген компаниялар шеше алмайды. Сондықтан олар мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат тарапынан бақылануы тиіс.

Маркетингтің болмауы

Елімізде көптеген әсем орындар болса да, олар шетел туристері арасында танымал емес. Ғажайып туристік әлеуеті бар, бүкіл әлем үшін ашық, туристерге қауіпсіз туристік орталық ретінде Қазақстанның стратегиясын жасау оларды елге тартудың маңызды факторы болып табылады.

Маркетинг стратегиясы келесі бағыттарда жүзеге асады:

- «Қазақстандағы туризм» атты бірегей ақпараттық ғаламтор порталын жасау. Ғаламтордан Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпаратты жекелеген сайттардан іздеу арқылы табуға болады;
- әлеуетті туризм түрлері бойынша BBC, CNN, Euronews, Discovery, Tourism and Adventures, тағы басқа әлемдік медиаканалдарда видеоматериалдарды көрсетуді ұйымдастыру;
- Қазақстанның туристік әлеуеті бойынша брифинг, презентацияларды ұйымдастыру;
- мақсатты нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, жекелеген видеороликтерді әзірлеу;
- алдыңғы қатарлы БАҚ мен ірі туроператорлардың өкілдері үшін ақпараттық және пресс тураларды ұйымдастыру;
- ірі көрмелерге қатысу және сонымен бірге осындай көрмелерді Қазақстанның өзінде де ұйымдастыру көзделген. Мысалы, 2008 жылы Берлин қаласында серіктес ретінде «ITV» халықаралық көрмесінде Қазақстан презентациясын ұйымдастыру, ал 2007 жылы Германиядағы БАҚ өкілдері мен алдыңғы қатарлар туроператорлар үшін презентацияны өткізу.

Қаржылық ресурстар мәселесі

Қаржылық ресурстар мәселесі, бұл мәселе кластердегі барлық «экспериментті» кәсіпорындар қақтығысуымен шартталады. Салаға мол инвестиция тарту мен Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруда мемлекеттік қолаудың мықты болуын талап етеді. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мыналар қажет:

- туристік мамандарды арнайы даярлауды және туристерге қызмет көрсету жөніндегі нормалардың, ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру мәселелерін пысықтау;
- туристік ортаны қорғау және күзету;
- қорғану және қауіпсіздік мәселелері бойынша халықты және туристерді ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

- ұйымдасқан қылмысқа, лаңкестікке және адам саудасына, әйелдер мен балаларды жұмыспен және жыныстық қатынаспен қанауға қарсы күрес жүргізу;
- Қазақстанға туристік және өзге де көші-қон ағындарының кіріп кету, оның ішінде туристің атын жамылған экстремистердің «ыстық нүктелерге» өтіп кету мүмкіндігінің алдын алу үшін бақылауды күшейту [5].

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның басымдығы ұсынылатын туристік түрлерінің сипатында болып табылады. Бұлардың әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бірқатар мәселелерге ие. Туризм - бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қатаң назарындағы ұлттық – экономиканың маңызды секторы. Үшінші мыңжылдықтың басында туризм ғаламшардағы қуатты әлеуметтік – экономикалық және саяси құбылысқа айналды.

Әдебиеттер:

1. 14 желтоқсан 2012 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытты атты Қазақстан халқына жолдауы
2. Кайсенова Ж., Лютерович О., Ягофаров Г. Алматы – центр туризма Казахстана. – Алматы, 2003. – 80с.
3. Ердавлетов С.Р. География туризма. – Алматы, 2000.- 356с.
4. Биржаков М.Б. Введение в туризм. – М.: Невский Фонд, 2000. – 315 с.
5. Ермаков В.А. Казахстан в современном мире. - Алматы, 2001. - 215 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЙМАҚТАРЫНДА ТУРИСТІК КЛАСТЕРЛЕРДІҢ ДАМУЫ

Барлықов Е.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail:erbolat_barlykov@mail.ru

Туризм әлемдік экономиканың жетекші және ең қарқынды салаларының бірі. Оның өсу қарқыны тез болғандықтан, ол жүзжылдықтың экономикалық феномены болып танылған. Көптеген елдерде туризм әлеуметтік – экономикалық дамуында шешуші рөлді атқарады, өйткені ол экономиканың тұрақты дамушы секторы және қызметтердің халықаралық саудасында ең жоғары табысты салалардың бірі болып табылады.

Шет мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, туристік кластерлерді дамыту туристік қызметтер нарығының тиімділігін арттыруға ықпал етеді, нәтижесінде, ұлттың әл – ауқатын көтереді.

Туризм экономикасындағы кластерді дамыту жолында жергілікті әкімшіліктің атқарушы билігінің рөлі жеке кәсіпкерлер, жобаның қатысушылары мен жалпы экономика үшін қолайлы іскерлік климатты құру болып табылады, олар өз кезегінде бұл секторда жоғары өнімділік пен тиімділікті қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметімен туристік кластерді құру туралы шешім қабылданған, ол үшін мемлекет пен жеке сектормен өлшенген және өзара қолайлы ынтымақтастық құруға негізделген туристік кластерді құрудың тұжырымдамасы әзірленді.

Кластердің ұйымдастырушылық құрылымы дегеніміз, тиісті стратегиялық бастама негізінде компаниялар, үкіметтік құрылымдар, зерттеу институттарының өзара іс - әрекеті.

Кластерлік тәсілдемені құруда оның географиялық қағидасына негізделі отырып, кластерлік тәсілдемені жүзеге асыру кезеңдерінің бірі, табиғи туристік – рекреациялық ресурстар мен тарихи – мәдени мұраның ресурстары, туроператорлар, орналастыру қоры мен коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым, азық – түлік базасы, ғылыми сектор мен